

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ  
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**Медицина және денсаулық сақтау факультеті**

**“Келісілді”**

Дене шынықтыру және спорт кафедрасының  
менгерушісі

Искакова А.Д. Искакова А.Д.

«25» сентябрь 2022 ж.

Медицина және денсаулық сақтау  
факультетінің деканы

Қашағасова Ж.А. Қашағасова Ж.А.

«27» сентябрь 2022



**(PhD) ДОКТОРАНТТЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Докторанттың аты – жөні: **Жумашев Дархан Стаханович**

Докторантураның білім беру бағдарламасы	8D01401 – Дене шынықтыру және спорт
Кафедрасы	Дене шынықтыру және спорт
Докторантурадағы оқу мерзімі (Ph.D)	2022-2025
Отандық ғылыми кеңесшісі	Искаков Тайыржан Бахытбаевич
Шетелдік ғылыми кеңесшісі	Tahir Nazir (Турция)
Диссертацияның тақырыбы	13-15 жастағы жас боксшылардың оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру.
Диссертацияны қорғауға ұсыну мерзімі	2025

2022-2025 жж.

## ДОКТОРАНТТЫҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ:

Теориялық оқу - 45 кредит

Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДФЗЖ), тағылымдамадан өту және докторлық диссертацияны орындаумен бірге - 123 кредит

Қорытынды аттестация - 12 кредит

### 1. ДОКТОРАНТТЫҢ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫ – 45 АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ

#### 1. Базалық пәндер – 10 академиялық кредит

№	Пән коды	Пән атауы	Кредит саны	Семестр	Оқытушының аты-жөні
1.	APSNZI 7203	Дене тәрбиесі және спорт туралы білімнің ғылыми жүйесіндегі көкейтесті мәселелер	5	Күз 2022	Kazys Milasius
2.	MNI 7202	Ғылыми зерттеудің әдістері	3	Күз 2022	Kazys Milasius
3.	AP 7201	Академиялық жазу	2	Күз 2022	Kazys Milasius

#### 2. Профильдік пәндер - 15 академиялық кредит

№	Пән коды	Пән атауы	Кредит саны	Семестр	Оқытушының аты-жөні
1.	NMTMFKS 7301	Дене тәрбиесі және спорт теориясы мен әдістемесінің ғылыми әдіснамасы	5	Күз 2022	Алимханов Е.А.
2.	MPESO 7302	Дене тәрбиесіндегі эксперименттік жұмыстарды жоспарлау, статистикалық талдау әдістемелері	5	Күз 2022	Касымбекова С.И.
3.	IMNIFK 7303	Дене тәрбиесі және спорттағы ғылыми зерттеу жұмыстары тарихы мен әдіснамасы	5	Күз 2022	Kazys Milasius

## 2. ТӘЖІРИБЕ

### 2.1. Педагогикалық тәжірибе – 10 академиялық кредит

Тәжірибенің өту орны (базасы): Әл Фараби атындағы ҚазҰУ

Тәжірибеден өту жоспары (бағдарламасы):

№	Жұмыс түрі	Орындалу мерзімі
1	PP7204 Педагогикалық практика	Көктем 2023
2		

Есеп беру формасы: Практиканы қорғау

## 2.2. Зерттеу тәжірибесі – 10 академиялық кредит

**Тәжірибенің өту орны (базасы):** Олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі

**Тәжірибеден өту жоспары (бағдарламасы):**

№	Жұмыс түрі	Орындалу мерзімі
1	IP8304 Зерттеу практикасы	Күз 2023
2	IP8304 Зерттеу практикасы	Көктем 2024

**Есеп беру формасы:** Практиканы қорғау

## 3. ДОКТОРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ – 123 академиялық кредит

**Докторлық диссертацияның тақырыбы:** 13-15 жастағы жас боксшылардың оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру.

**Зерттеу бағыты:**

**Ғылыми-зерттеу жұмысының бағдарламасы:**

№	Жұмыс түрі	Орындалу мерзімі	Есеп беру формасы
1	NIRD1 Ғылыми семинар	Күз 2022 – Көктем 2025	ҒЗЖ қорғау
2	NIRD2 Докторлық диссертацияны орындау	Күз 2022 – Көктем 2025	ҒЗЖ қорғау
3	NIRD3 Халықаралық ғылыми конференцияларға қатысу	Күз 2023, Осень 2024	ҒЗЖ қорғау
4	NIRD4 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерін ғылыми басылымдарда жариялау	Көктем 2025	ҒЗЖ қорғау
5	NIRD5 Ғылыми тағлымдама (стажировка)	Күз 2024	ҒЗЖ қорғау

## 4. ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН НЕГІЗДЕМЕСІ БАР ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

**Диссертацияның құрылымы:**

**Зерттеудің өзектілігі.** Спорттың педагогикалық әлеуетінің проблематикасы қазіргі заман жағдайында өзекті болып табылады. Осы бағытта зерттеу жүргізу қажеттілігі айқын, дене шынықтыру және әлеуметтік тәрбие аспектісінде қазіргі заманғы білім беру жүйесінің тиімді баламаларының жетіспеушілігімен дәлел болады. Жасөспірімдердің қазіргі мүдделерін тәрбиелеуде дене шынықтыру мен спорттың қолданыстағы құралдары мен әдістерін қолдану ғана емес, оларды жалпы адамзаттық мәдениеттің құндылықтарымен таныстыру және осы негізде жеке тұлғаны әлеуметтендірудің объективті қажеттілік туындады. Қазіргі уақытта балалардың үлкен қызығушылығы- бокс спорты.

Әлемдегі білім беру және тәрбиелік күш-жігердің дамуы бағытында жекпе-жек өнерінің ішінде бокс спорты арқылы жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімділігі мен құбылысын зерттеу, олардың әлеуетін педагогикалық тәрбиеде пайдалану қажеттілігі туындайды. Бокс өнері философиясы физикалық мүмкіндіктерді дамытуды ғана емес, сонымен қатар

дәстүрлі жалпыадамзаттық құндылықтарға ие. Сонымен қатар, баланың жан-жақты дамуының моральдық жағынан да, денсаулығы мен физикалық дамуы жағынан да маңыздылығы туралы мәселе өзекті болып табылады.

Дене шынықтыру және спорттық білім беру проблемалары көбінесе бәсекеге қабілетті іс-әрекетке қажетті физикалық даму тұрғысынан зерттеледі. Алайда, жасөспірімдерді жетілдіру бағытында дене шынықтырудың педагогикалық әлеуетін жандандыру мәселесі қазіргі уақытта іс жүзінде зерттелмеген. Біздің ойымызша, 13-15 жастағы жас боксшылардың оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыру жүйесінде физикалық және динамикалық жетілдірудің өзара енуі мен өзара әрекеттесуінде үлкен мән бар, бұл осы жастағы жасөспірімдердің сәтті дамуы мен қалыптасуына мүмкіндік береді, зерттеуге мұндай көзқарас педагогика ғылымында өзекті болып табылады.

**Зерттеу нысаны:** 13-15 жастағы жас боксшылардың шұғылданатын спорт мектебінің оқу-жаттығу процесі.

**Зерттеу пәні.** Дене қасиеттерін қалыптастыру жолында қажетті бағдарламамен қамтамасыз ету мен жасөспірімдердің өтпелі физиологиялық кезеңнен қалыпты жағдайда дамуының бірізділігін сақтау.

**Зерттеудің мақсаты.** Бокспен шұғылданушылардың физикалық және тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтау және арттыруға арналған бағдарлама құрастыру.

**Зерттеу гипотезасы.**

- бокс жаттығулары құралдарымен 13-15 жас аралығындағы боксшылардың дене мүмкіндіктерін қалыптастыру және дамыту процесі неғұрлым тиімді жүзеге асырылатын болады;

- спорт мектептері мен бокс жаттықтырушылары ұжымы біз ұсынған бағдарламаны қолдану барысында бокс өнерінің жетік зерттелген, қалыптасқан бағдарламасымен жұмыс жасауға мүмкіндік алады;

- оқу материалын іріктеу, оның мазмұны мен игерілу реттілігі балалар мен жасөспірімдерге арналған дене қасиеттерін дамыту бағдарламасының арнайы міндеттері мен адамгершілік бағытын насихаттайды;

**Зерттеу міндеттері:**

1. Бокс спорты арқылы балаларды адамгершілік-еріктік тәрбиелеудің мәнін, мазмұнын және ерекшеліктерін ашу.

2. 13-15 жастағы жасөспірімдердің физикалық мүмкіндіктерін дамыту және оқу-жаттығу үшін ең тиімді бағдарлама құралдарын зерттеу мен анықтау, құрастыру.

3. Бокс спорты арқылы физикалық мүмкіндіктер мен жетістікке жету жолында дамыту әдістемесін әзірлеу және эксперименталды түрде сынақтан өткізу.

**Зерттеу әдістері:** ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, педагогикалық эксперимент, биомеханикалық бағалау, бақылау, салыстыру, сауалнама, педагогикалық сауалнама.

**Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы:** бокс өнерінің оқу бағдарламасын зерттеуге қатысушылардың физикалық қасиеттерін дамыту тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар боксшылардың тұрақты спорттық бағдарламамен жаттығуына жағдай жасау мақсатында құрастылырған оқу-жаттығу бағдарламасының қоғамдағы қажеттілігін өтеу. Зерттеу нәтижелері осы саладағы негізгі аспектілерді табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жұмыс нәтижелері 13-15 жастағы боксшыларды оқытудың тың бағыттарын анықтауға, зерттелуге тиісті көлеңкелі жақтарын жарыққа шығарумен қамтылады.

## 5. ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ОРЫНДАЛУ ЖОСПАРЫ:

№	Жұмыс түрі	Орындалу мерзімі
1	Теориялық жұмыс және бекітілген тақырып бойынша әдеби деректерді іздеу	Күз 2022 – Көктем 2023

2	Зерттеу контингентін анықтау. Зерттеу әдістерін іздеу және зерттеу жүргізу	Күз 2023 – Көктем 2024
3	Зерттеу деректерін талдау және статистикалық өңдеу	Күз 2024
4	Докторлық диссертацияны рәсімдеу және қорғау.	Көктем 2025

**6. ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАР МЕН ТАҒЫЛЫМДАМАЛАР ЖОСПАРЫ:**

**6.1. Ғылыми мақалаларды дайындау жоспары**

(ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылатын мерзімді басылымдар, Web of Science, Scopus базаларына кіретін мақалалар):

№	Ғылыми мақалалардың болжамды тақырыптары	Дайындау мерзімі	Мақалаларды басып шығаратын ғылыми басылым
1	13-15 жастағы жас боксшылардың оқу-жаттығу үдерісін ұйымдастыруды жоспарлау.	2023	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі журналы.
2	Боксшылардың бәсекелестікке қабілеттілігін арттырудың және сапалы техникасын қалыптастыру ерекшеліктері.	2024	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Хабаршы». "Педагогикалық ғылымдар" сериясы
3	Диссертация тақырыбына байланысты.	2024	Журнал ..... «Педагогика», база данных – Scopus

**6.2. Докторанттың шетелдік ғылыми тағылымдамаларының жоспары:**

**Ғылыми тағылымдамаларының өту орны (базасы):** Hacettepe университеті, спорт ғылымдары факультеті, Beutere кампусы, Турция, Анкара.

**Тағылымдаманың өту мерзімі:** Көктем 2024

**Тағылымдамадан күтілетін нәтижелер:**

Жүргізілген зерттеулер негізінде бокспен айналысатын 13-15 жастағы спортшылардың ерекшеліктері мен туралы терең ақпарат алу күтілуде. Деректерді талдау, отандық және шетелдік ғылыми кеңесшімен талқылау, Жарияланымдар дайындау. Ғылыми кітапхана мен дәрістерге, тарихи мұражайға бару. Жеке зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу. Дене шынықтыру және спорт саласында, Дүние жүзілік бокс ассоциациясы (AIBA) және Бокс академиясының ұйымдастырылуымен өтетін ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға қатысу.

Докторант

Жумашев Д.С.

Отандық ғылыми кеңесшісі

Искаков Т.Б.